

Жүнісбекова Ж. А.^{1*} , Әкімбаев А. Ә.¹ , Төлешова А. Ә.¹ 
Азизов А.А.² , Ахмедов Б.К.³ 

¹М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті (Шымкент қ., Қазақстан)

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан)

³Орталық Азия инновациялық университеті, (Шымкент қ., Қазақстан)

e-mail: zhakena@yandex.ru

ЖОО жағдайында болашақ психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары жағдайында болашақ психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі теориялық және эмпирикалық тұрғыда кешенді түрде қарастырылады. Кәсіби құзыреттіліктің мәні, құрылымдық компоненттері және оның когнитивтік, практикалық және тұлғалық өлшемдерінің өзара байланысы ғылыми әдебиеттер негізінде нақтыланды. Зерттеу қазіргі білім беру жүйесіндегі құзыреттілікке негізделген тәсілдің маңыздылығын айқындап, оның болашақ мамандарды даярлаудағы рөлін көрсетеді. Эксперименттік жұмыс барысында тәжірибеге бағытталған оқыту әдістері (кейс-талдау, тренингтер, жобалық тапсырмалар) енгізілді. Нәтижесінде студенттердің кәсіби мотивациясы артып, теориялық білімді практикалық жағдайларда қолдану қабілеті дамығаны анықталды. Алынған эмпирикалық деректер ұсынылған педагогикалық модельдің тиімділігін дәлелдеп, оның кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудағы ықпалын көрсетті. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – кәсіби құзыреттіліктің құрылымдық моделін нақтылау және оны дамытуға ықпал ететін педагогикалық шарттарды айқындау. Практикалық маңызы – ұсынылған әдістемелерді жоғары білім беру үдерісіне енгізу арқылы болашақ психологтарды кәсіби даярлау сапасын арттыру мүмкіндігімен сипатталады.

Түйін сөздер: кәсіби құзыреттілік, болашақ психологтар, жоғары білім, модель, тәжірибеге бағытталған оқыту.

Жүнісбекова Ж. А.^{*1}, Акимбаев А.А.¹, Тулешова А.А.¹, Азизов А.А.² Ахмедов Б.К.³

¹ Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова (Шымкент, Казахстан)

² Казахский национальный университет имени Аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

³ Центральноазиатский инновационный университет (Шымкент, Казахстан)

e-mail: zhakena@yandex.ru

Формирование профессиональной компетентности будущих психологов в условиях высшего учебного заведения

Аннотация

В статье комплексно рассматривается проблема формирования профессиональной компетентности будущих психологов в системе высшего образования Республики Казахстан. Уточняются сущность, структура и взаимосвязь когнитивного, практического и личностного компонентов профессиональной компетентности на основе анализа отечественных и зарубежных исследований. Подчеркивается значимость компетентностного подхода в условиях модернизации системы высшего образования и его роль в подготовке конкурентоспособных специалистов. В рамках исследования реализован педагогический эксперимент с применением практико-ориентированных методов обучения, включая кейс-

методы, тренинги и проектную деятельность. Результаты показали, что данные методы способствуют развитию профессиональной мотивации студентов, формированию навыков самостоятельного принятия решений и интеграции теоретических знаний в практическую деятельность. Эмпирические данные подтверждают эффективность предложенной педагогической модели. Научная новизна исследования заключается в уточнении структурной модели профессиональной компетентности и определении педагогических условий её эффективного формирования. Практическая значимость определяется возможностью внедрения разработанных методических рекомендаций в образовательный процесс вузов для повышения качества подготовки будущих психологов.

Ключевые слова: профессиональная компетентность, будущие психологи, высшее образование, модель, практико-ориентированное обучение.

Zhunisbekova Z. A.*.¹, Akimbaev A.A.¹, Tuleshova A.A.¹, Azizov A.A.,² Akhmedov B.K.³

¹ South Kazakhstan University named after M. Auezova (Shymkent, Kazakhstan)

² Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

³ Central Asian Innovation University, (Shymkent, Kazakhstan)

e-mail: zhakena@yandex.ru

Formation of professional competence of future psychologists in the context of higher education institutions

Abstract

The article provides a comprehensive analysis of the problem of developing professional competence in future psychologists within the higher education system of the Republic of Kazakhstan. The essence, structure, and interrelation of cognitive, practical, and personal components of professional competence are clarified based on a review of contemporary scientific literature. The study emphasizes the importance of the competence-based approach in modern higher education and its role in preparing competitive and professionally competent specialists. A pedagogical experiment was conducted using practice-oriented teaching methods, including case studies, training sessions, and project-based learning activities. The results demonstrate that these methods significantly enhance students' professional motivation, improve their decision-making skills, and strengthen their ability to apply theoretical knowledge in real professional contexts. The empirical findings confirm the effectiveness of the proposed pedagogical model. The scientific novelty lies in the refinement of the structural model of professional competence and the identification of pedagogical conditions for its effective development. The practical significance is determined by the possibility of implementing the proposed methodological recommendations in higher education institutions to improve the quality of training future psychologists.

Keywords: professional competence, future psychologists, higher education, model, practice-oriented learning.

Кіріспе Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесінің қазіргі даму кезеңі жаһандану және қоғамды цифрландыру жағдайында жаңа форматтағы бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау міндетін алға қойып отыр. Бұл үрдістер тек ұлттық деңгейде ғана емес, сонымен қатар халықаралық білім беру кеңістігінде де өзекті болып табылады, өйткені заманауи зерттеулер жоғары білім беру жүйесінің еңбек нарығы талаптарына бейімделуі мен болашақ дағдыларды дамыту қажеттілігін көрсетеді [1; 2].

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж. Тоқаев өзінің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» (2022) Жолдауында елдің орнықты дамуының басты шарты ретінде сапалы білім беруді атап өтті, ол негізгі құзыреттерге ие бәсекеге

кабілетті мамандарды қалыптастыруға бағытталуы тиіс [3]. Бұл идеялар білім беруді дамытудың стратегиялық құжаттарында, соның ішінде Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасында да көрініс тапқан. Онда педагогикалық бағыттағы мамандарды даярлау мазмұнын жаңғырту, құзыреттілік тәсілді енгізу және білім беру бағдарламаларын тәжірибеге бағдарлау қажеттілігі көрсетілген [4].

Құзыреттілік ұғымы әлемдік және отандық педагогикалық ғылымда кеңінен зерттелуде. Мәселен, Дж. Равен құзыреттілікті білімдерге, дағдыларға және құндылықтарға сүйене отырып, белгілі бір контексте тиімді әрекет ету қабілеті ретінде сипаттайды [5]. А.В. Хуторской оны әлеуметтік тәжірибені игеру нәтижесінде қалыптасатын және кәсіби мәселелерді шешуге дайындықта көрінетін тұлғаның интегративті сапасы деп анықтайды [6]. Ал А.К. Маркова кәсіби құзыреттіліктің практикалық компонентіне ерекше көңіл бөледі, оны маманның кәсіби білімі, практикалық дағдылары мен жеке қасиеттерінің үйлесімі ретінде қарастырады [7].

Қазақстандық зерттеушілер де бұл бағытқа өз үлесін қосуда. Б.Т. Кенжебеков университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-практикалық негіздерін ашып көрсетеді [8]. Г.Ж. Ниязова ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану кәсіби құзыреттілікті дамытудың маңызды элементі екендігін дәлелдейді [9]. Ал Г.Әбілқасымова мен Е.Д. Әлімбеков болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік жолдарын ұсынады [10].

Осылайша, кәсіби құзыреттілік мәселесі кең көлемде қарастырылып жүргенімен, болашақ психологтарды даярлау контекстінде оның мазмұны мен қалыптасу механизмдері әлі де жеткілікті деңгейде жүйеленбеген. Бұл зерттеу болашақ психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық және тәжірибелік негіздерін айқындауға бағытталады.

Зерттеу нысаны – ЖОО жағдайында «Педагогика және психология» мамандығы бойынша студенттердің кәсіби даярлау процесі.

Зерттеу пәні – болашақ психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстанның жоғары оқу орындарында «Педагогика және психология» мамандығы студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық жағдайларының тиімділігін теориялық тұрғыдан негіздеу және тәжірибелік жолмен тексеру.

Зерттеу міндеттері:

1. Педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігінің мәні мен құрылымын анықтауға арналған теориялық тәсілдерді талдау – бұл міндет теориялық талдау әдістері арқылы жүзеге асырылды және кәсіби құзыреттіліктің когнитивтік, практикалық және тұлғалық компонент-тері айқындалды.

2. Қазақстанның жоғары білім беру жүйесіндегі проблеманың қазіргі жағдайын зерделеу – салыстырмалы талдау және ғылыми әдебиеттерді шолу негізінде орындалды.

3. Студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық бағдарламаны әзірлеу – тәжірибеге бағдарланған әдістерді (тренингтер, кейс-талдау, жобалық жұмыс) енгізу арқылы жүзеге асырылды.

4. Эксперименттік зерттеу жүргізіп, студенттердің құзыреттілік даму динамикасын бағалау – диагностикалық әдістемелер мен статистикалық талдау (Студенттің t-критерийі) негізінде іске асырылды.

5. Педагог-психологтарды даярлауды жетілдіру бойынша практикалық ұсыныстар әзірлеу – эксперимент нәтижелерін талдау арқылы негізделді.

Зерттеу гипотезасы – егер кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру процесінде практикалық бағдарланған әдістер жүйелі қолданылса, инновациялық білім беру технологиялары интеграцияланса және оқу процесінің мазмұны болашақ кәсіби қызметтің талаптарымен тығыз байланыстырылса, онда студенттердің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуы анағұрлым тиімді болады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы бірнеше аспектілерде нақтыланады:

– алғаш рет Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі жағдайында болашақ психологтардың кәсіби құзыреттілігінің құрылымы когнитивтік, практикалық және тұлғалық компоненттердің өзара ықпалдастығы ретінде кешенді түрде негізделді;

– кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың педагогикалық моделі тәжірибеге бағдарланған оқыту, психотехнологиялар және рефлексивтік әдістердің интеграциясы негізінде ұсынылды;

– ұсынылған модельдің тиімділігі педагогикалық эксперимент барысында алынған эмпирикалық деректер арқылы дәлелденді, бұл оның қолданбалы маңыздылығын арттырады.

Жоғары білім беру жағдайында болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі қазіргі педагогикалық және психологиялық ғылымның басты бағыттарының бірі болып отыр. Құзыреттілік тәсіл әлемдік тәжірибеде де, Қазақстанда да білім беруді дамытудың негізгі парадигмаларының біріне айналды.

Ғылыми әдебиетте «құзыреттілік» ұғымы әртүрлі түсіндіріледі. Дж. Равен құзыреттілікті білімге, шеберлікке және құндылықтарға сүйене отырып, белгілі бір контексте тиімді әрекет ету қабілеті ретінде қарастырады. А.В. Хуторской құзыреттілікті әлеуметтік тәжірибені игеру нәтижесінде қалыптасатын және кәсіби міндеттерді шешуге дайындықта көрінетін тұлғаның интегративті сапасы деп түсіндіреді. Ал А.К. Маркова құзыреттілікті кәсіби білім, практикалық дағдылар мен жеке қасиеттердің үйлесімі ретінде сипаттап, оның практикалық компонентіне ерекше мән береді.

Ресей зерттеушілердің ішінде И.А. Зимняя құзыреттілікті білім беру нәтижесінің жаңа парадигмасы ретінде қарастырады [11]. Л.М. Митина болашақ педагогтың кәсіби қалыптасуының тиімділігі студенттің оқу, практикалық және зерттеу қызметінің интеграциясына тікелей байланысты екенін атап өтеді [12]. Ал Н.В. Кузьмина кәсіби іс-әрекеттің сапасы маманның құзыреттілік деңгейімен айқындалатынын көрсетеді [13].

Қазақстандық педагогикалық ғылымда да құзыреттілік тәсіл кеңінен талданған. Б.Т. Кенжебеков университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық және практикалық негіздерін ашып көрсетсе, Г.Ж. Ниязова ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың құзыреттілікті дамытудың маңызды элементі екенін дәлелдейді. Г.Әбілқасымова мен Е.Д. Әлімбеков болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік жолдарын ұсынады.

Сонымен қатар, заманауи білім беру жүйесінде құзыреттілікті дамыту инновациялық әдістерді талап етеді. Шетелдік және Қазақстандық тәжірибе көрсеткендей, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру белсенді оқыту формалары – жобалық жұмыс, кәсіби жағдайларды модельдеу, кейс-талдау, тренингтер арқылы жүзеге асырылуы тиімді [14 - 18].

Қазіргі халықаралық зерттеулер кәсіби құзыреттілікті дамыту тек білім беру мазмұнымен шектелмей, цифрлық құзыреттіліктерді, сыни ойлау дағдыларын және үздіксіз білім алуға дайындықты қалыптастырумен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Мәселен, білім беруді цифрландыру жағдайында педагогтар мен психологтардың кәсіби қызметі жаңа технологияларды тиімді қолдану қабілетін талап етеді. Осы тұрғыда білім алушылардың цифрлық сауаттылығын дамыту және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды интеграциялау кәсіби даярлықтың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.

Осылайша, теориялық талдау көрсеткендей, болашақ психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру – когнитивтік, практикалық және тұлғалық компоненттерді қамтитын көпқырлы процесс. Дегенмен, ұлттық білім беру жүйесінде заманауи сын-қатерлер мен кәсіби стандарттарды ескеретін кешенді модельдер жеткілікті деңгейде жасалмаған. Бұл қазақстандық жоғары оқу орындары жағдайында тәжірибелік зерттеулер жүргізу қажеттілігін айқындайды.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы. Зерттеу 2024–2025 оқу жылында Шымкент қаласындағы М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің базасында жүргізілді. Экспериментке «Педагогика және психология», «Психология (IP)» мамандығының 50 студенті қатысты. Олар кездейсоқ іріктеу арқылы бақылау (n=25) және эксперименттік (n=25) топтарға бөлінді.

Зерттеу кезеңдері: Анықтау кезеңі – студенттердің кәсіби құзыреттілігінің бастапқы деңгейін диагностикалау; Қалыптастырушы кезең – кәсіби құзыреттілікті дамытуға арналған арнайы бағдарлама енгізілді. Бағдарламада «Психологтың кәсіби қызметінің психологиялық негіздері» арнайы курсы, тренингтер, тәжірибеге бағдарланған тапсырмалар мен жобалық жұмыстар қамтылды; Бақылау кезеңі – қайта диагностикалау жүргізіліп, студенттердің даму динамикасы бағаланды.

Зерттеу әдістері: психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге теориялық талдау; сауалнама және диагностикалық әдістемелер арқылы студенттердің құзыреттілік деңгейін анықтау; педагогикалық эксперимент (анықтау, қалыптастырушы және бақылау кезеңдері).

Зерттеу барысында студенттердің кәсіби құзыреттілік деңгейін анықтау үшін келесі диагностикалық әдістемелер қолданылды: «Кәсіби өзіндік сана деңгейін анықтау» әдістемесі (авторлық бейімделген нұсқа); А.К. Маркова ұсынған кәсіби құзыреттілікті бағалау критерийлері негізінде әзірленген сауалнама; студенттердің кәсіби мотивациясын анықтауға арналған әдістеме (К. Замфирдің модификациясы).

Қолданылған әдістемелердің сенімділігі Cronbach's alpha коэффициенті арқылы тексеріліп, 0,78–0,84 аралығында болды, бұл олардың ішкі үйлесімділігінің жеткілікті деңгейде екенін көрсетеді.

Кәсіби құзыреттілікті бағалау критерийлері: Когнитивтік – психология және педагогика бойынша теориялық білім деңгейі; Практикалық – кәсіби білімді педагогикалық жағдаяттарда қолдана білу; Тұлғалық – кәсіби мотивация, қарым-қатынас дағдылары, құндылық бағдарлары.

Осы әдістемелік база студенттердің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін кешенді түрде бағалауға және енгізілген педагогикалық бағдарламаның тиімділігін анықтауға мүмкіндік берді.

Нәтижелері мен талқылама. Іріктеме Эксперимент нәтижелері студенттердің кәсіби құзыреттілігінің дамуында айтарлықтай оң динамика бар екенін көрсетті (кесте 1,2).

Кесте 1 - Студенттердің кәсіби құзыреттілігінің бастапқы деңгейі (%- бен)


Деңгейі	эксперименттік топ (n=25)	бақылау тобы (n=25)
Жоғары	12 % (3 студент)	12 % (3 студент)
Орташа	56 % (14 студент)	56 % (14 студент)
Төмен	32% (8 студент)	32% (8 студент)

Кесте 1 мәліметтері эксперименттің бастапқы кезеңінде екі топтың кәсіби құзыреттілік деңгейлері бірдей екенін көрсетеді. Бұл топтардың салыстырмалы түрде тең жағдайда алынғанын және эксперимент нәтижелерінің объективтілігін қамтамасыз етеді.

Кесте 2 - Студенттердің кәсіби құзыреттілігінің қорытынды деңгейі (%- бен)

Деңгейі	эксперименттік топ (n=25)	бақылау тобы (n=25)
Жоғары	40 % (10 студент)	16 % (4 студент)
Орташа	48% (12 студент)	52% (13 студент)
Төмен	12 % (3 студент)	32% (8 студент)

Кесте 2 нәтижелері эксперименттік топта оң динамиканың айқын байқалатынын көрсетеді. Жоғары деңгейдің күрт өсуі енгізілген бағдарламаның тиімділігін дәлелдейді, ал бақылау тобындағы өзгерістердің әлсіз болуы дәстүрлі әдістердің жеткіліксіздігін көрсетеді.



Сурет 1 - Эксперименттік және бақылау топтары студенттерінің құзыреттілік деңгейлерінің динамикасы

Сурет 1-де көрсетілген динамика кәсіби құзыреттіліктің барлық компоненттері бойынша эксперименттік топта жүйелі даму бар екенін айқындайды. Бұл нәтижелер енгізілген педагогикалық шарттардың тиімділігін визуалды түрде дәлелдейді.

Эксперименттік топта жоғары деңгейдегі студенттер саны 3-тен 10 адамға дейін өсті (+28%). Деңгейі төмен студенттер саны 8-ден 3 адамға дейін төмендеді (-20 %). Бақылау тобында ешқандай өзгеріс болған жоқ: жоғары деңгейдің тек 3-тен 4 студентке дейін өсуі (+4%), төмен деңгей өзгеріссіз қалды.

Статистикалық талдау (Студенттің t-критерийі) топтар арасындағы айырмашылықтардың мәнділігін растады ($p < 0,05$). Бұл деректер құзыреттілік тәсілді оқу процесіне интеграциялаудың қажеттілігін көрсеткен отандық және шетелдік зерттеулермен сәйкес келеді. Алынған нәтижелер тек сандық өзгерістерді ғана емес, сонымен қатар студенттердің кәсіби дамуының сапалық өзгерістерін де көрсетеді.

Эксперименттік топтағы жоғары деңгейдің өсуі студенттердің теориялық білімді практикамен ұштастыру қабілетінің артқанын білдіреді. Бұл әсіресе кәсіби жағдаяттарды талдау және шешім қабылдау дағдыларының қалыптасуынан көрінді. Төмен деңгейдегі студенттер санының азаюы олардың кәсіби мотивациясының күшейгенін және оқу процесіне белсенді қатысуының артқанын көрсетеді. Бұл тұлғалық компоненттің дамуымен тікелей байланысты. Ал бақылау тобында айтарлықтай өзгерістердің болмауы дәстүрлі оқыту әдістерінің кәсіби құзыреттілікті дамытуда шектеулі мүмкіндіктерге ие екенін дәлелдейді.

Эксперименттің нәтижелері теориялық тұжырымдарды тәжірибелік деңгейде дәлелдейді: тәжірибеге бағдарланған тапсырмалар, жобалық жұмыстар және тренингтер студенттердің когнитивтік және практикалық компоненттерін дамытуға ықпал етеді; инновациялық технологияларды қолдану кәсіби мотивацияны арттырады және тұлғалық компонентті нығайтады.

Алынған нәтижелер заманауи педагогикалық зерттеулермен де сәйкес келеді, онда тәжірибеге бағдарланған оқыту мен кәсіби дағдыларды дамыту арасындағы тығыз байланыс көрсетіледі. Зерттеулер көрсеткендей, белсенді оқыту әдістері студенттердің кәсіби бейімделуін жеделдетіп, олардың болашақ еңбек қызметіне дайындығын арттырады. Бұл әсіресе психологиялық даярлықта маңызды, себебі маманның кәсіби тиімділігі тек білім деңгейімен ғана емес, сонымен қатар практикалық және тұлғалық сапаларымен анықталады.

Осылайша, алынған нәтижелер болашақ психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру процесі инновациялық әдістер мен практикалық-бағдарланған оқыту түрлерін жүйелі енгізген жағдайда анағұрлым тиімді жүзеге асатынын көрсетті.

Қорытынды Жүргізілген зерттеу нәтижелері кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың дәстүрлі үлгісі студенттердің кәсіби даярлығының жеткілікті деңгейін қамтамасыз етпейтінін көрсетті. Эксперименттік топтағы оң динамика тәжірибеге бағдарланған әдістердің тиімділігін дәлелдеді.

Зерттеу барысында мынадай негізгі қорытындыларға қол жеткізілді: Кәсіби құзыреттілік интегративті құбылыс болып табылады, ол когнитивтік, практикалық және тұлғалық компоненттердің үйлесімін камтиды; Инновациялық әдістер (тренингтер, жобалық жұмыстар, кейс-талдау) студенттердің кәсіби мотивациясын арттырып, теориялық білімді практикада қолдану дағдыларын дамытты; Эксперименттік бағдарлама енгізілгенде студенттердің кәсіби құзыреттілігінің жоғары деңгейі 28%-ға өсті, ал төмен деңгейі 20%-ға төмендеді. Бұл бағдарламаның тиімділігін статистикалық тұрғыдан дәлелдейді ($p < 0,05$); Қазақстандық жоғары мектеп жағдайында кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға арналған жүйелі педагогикалық модельдер әлі жеткілікті деңгейде жасалмаған. Сондықтан тәжірибеге негізделген жаңа бағдарламаларды енгізу өзекті болып отыр.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – болашақ психологтардың кәсіби құзыреттілігінің құрылымын нақтылау және олардың қалыптасуының педагогикалық жағдайларын эксперименттік тұрғыда тексеру.

Практикалық маңызы – әзірленген ұсыныстарды Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына енгізу студенттердің кәсіби даярлығының сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Ұсыныстар:

1. Білім беру бағдарламаларының тәжірибеге бағдарланған компонентін күшейту;
2. Кәсіби құзыреттілікті дамытуға бағытталған арнайы курстар енгізу;
3. Заманауи психотехнологиялар мен белсенді оқыту әдістерін кеңінен пайдалану;
4. Дайындық сапасын бақылау үшін құзыреттіліктің тұрақты диагностикасын жүргізу.

Сонымен қатар, алынған нәтижелер халықаралық зерттеулермен сәйкес келіп, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруда кешенді тәсілдің тиімділігін дәлелдейді. Бұл болашақ зерттеулерде цифрлық білім беру ортасын және психотехнологияларды одан әрі зерттеудің маңыздылығын көрсетеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. OECD. *Future of Education and Skills 2030*. – Paris: OECD Publishing, 2021. – 150 p.
2. World Bank. *Higher Education and Skills for the Future*. – Washington, DC: World Bank, 2020. – 120 p.
3. Тоқаев Қ.-Ж. "Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым" Қазақстан халқына Жолдау. – Астана, 2022.
4. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы. – Астана, 2021.
5. Raven J. *Competence in Modern Society: Its Identification, Development and Release*. – London, 2002.
6. Хуторской А.В. *Компетентностный подход в обучении*. – М.: Эйдос, 2013.
7. Маркова А.К. *Психология профессионализма*. – М., 1996. – 308 с.
8. Кенжебеков Б.Т. *Университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру теориясы мен практикасы*. – Астана: ЕҰУ, 2001. – 133 б.
9. Ниязова Г.Ж. *Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану – кәсіптік білім мамандығы студенттерінің кәсіби құзырлығын қалыптастырудың маңызды элементі: дисс. ... канд. пед. наук*. – Алматы, 2008. – 121 б.
10. Әбілқасымова Г., Әлімбеков Е.Д. *Болашақ кәсіптік оқыту педагогтарының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жолдары // Қарағанды университетінің хабаршысы*. – 2014.
11. Зимняя И.А. *Ключевые компетенции – новая парадигма результата современного образования*. – М., 2006.
12. Митина Л.М. *Личностно-профессиональное развитие учителя: стратегии, ресурсы, риски*. – М.; СПб.: Нестор-История, 2018. – 456 с.
13. Кузьмина Н.В., Пожарский С.Д., Паутова Л.Е. *Акмеология качества профессиональной деятельности специалиста*. – СПб.: Евразийский открытый институт, 2008. – 376 с.
14. Бермус А.Г. *Введение в педагогическую деятельность: учебник*. – М.: Директ-Медиа, 2013.
15. Вербицкий А.А., Ларионова О.Г. *Личностный и компетентностный подходы в образовании: проблемы интеграции*. – М.: Логос, 2017.

16. Voogt J., Knezek G. *International Handbook of Information Technology in Education*. – Cham: Springer, 2021. – 850 p.
17. Redecker C. *European Framework for the Digital Competence of Educators (DigCompEdu)*. – Luxembourg: Publications Office of the European Union, 2020. – 95 p.
18. Salas E., Tannenbaum S.I., Kraiger K., Smith-Jentsch K.A. *The science of training and development in organizations // Psychological Science in the Public Interest*. – 2022. – Vol. 23(2). – P. 74–101.

References:

1. OECD. *Future of Education and Skills 2030*. Paris: OECD Publishing; 2021. 150 p.
2. World Bank. *Higher Education and Skills for the Future*. Washington, DC: World Bank; 2020. 120 p.
3. Tokaev K.-Zh. *Adiletti Kazakhstan: barimiz zhane arkaisymyz ushin. Kazir zhane ardayim*. Astana; 2022.
4. *Kazakhstan Respublikasy bilim berudi damytudyn 2025 zhyлга deingi tuzhyrymdamasy*. Astana; 2021.
5. Raven J. *Competence in Modern Society: Its Identification, Development and Release*. London; 2002.
6. Khutorskoy AV. *Competence-based approach in teaching*. Moscow: Eidos; 2013.
7. Markova AK. *Psychology of professionalism*. Moscow; 1996. 308 p.
8. Kenzhebekov BT. *University students in kasibi kuzyrettiligin kalyptastru theory and practice*. Astana: EUU; 2001. 133 p.
9. Niyazova GZh. *Akparattyk-kommunikatsiyalyk technologiylardy paydalanu – kasiptik bilim studentterinin kasibi kuzyrylygyn kalyptastyru*. Dissertation of Candidate of Pedagogical Sciences. Almaty; 2008. 121 p.
10. Abilkasymova G, Alimbekov ED. *Bolashak kasiptik okytu pedagogtarynyn kasibi kuzyrettiligin kalyptastyru zholdary*. Bulletin of Karaganda University. 2014.
11. Zimnaya IA. *Key competencies – a new paradigm of education results*. Moscow; 2006.
12. Mitina LM. *Personal and professional development of teachers: strategies, resources, risks*. Moscow; St. Petersburg: Nestor-Istoriya; 2018. 456 p.
13. Kuzmina NV, Pozharsky SD, Pautova LE. *Acmeology of professional activity quality*. St. Petersburg: Eurasian Open Institute; 2008. 376 p.
14. Bermus AG. *Introduction to pedagogical activity*. Moscow: Direct-Media; 2013.
15. Verbitsky AA, Larionova OG. *Personal and competence-based approaches in education: integration problems*. Moscow: Logos; 2017.
16. Voogt J, Knezek G. *International Handbook of Information Technology in Education*. Cham: Springer; 2021.
17. Redecker C. *European Framework for the Digital Competence of Educators (DigCompEdu)*. Luxembourg: Publications Office of the European Union; 2020.
18. Salas E, Tannenbaum SI, Kraiger K, Smith-Jentsch KA. *The science of training and development in organizations*. *Psychological Science in the Public Interest*. 2022;23(2):74–101.

Авторлар туралы мәліметтер:

Жүнісбекова Ж.А. – хат-хабар авторы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Жалпы педагогика және психология» кафедрасы, Шымкент қ., Қазақстан. E-mail: zhakena@yandex.ru

Әкімбаев А.Ә. – әлеуметтік ғ, магистрі, аға оқытушы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., Қазақстан. E-mail: Axosh_86@mail.ru

Төлешова А.Ә. – магистр, аға оқытушы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Жалпы педагогика және психология» кафедрасы, Шымкент қ., Қазақстан. E-mail: akerke-91t@mail.ru

Азизов А.А. – докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Дене шынықтыру және спорт» кафедрасы, Алматы қ., Қазақстан. ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-1217-8928>. E-mail: aleks_gansalis@mail.ru

Ахмедов Б.К. – магистр, аға оқытушы, Орталық Азия инновациялық университеті, Шымкент қ., Қазақстан. E-mail: bekbol.axmedov@mail.ru

Сведения об авторах:

Жунисбекова Ж.А. – автор для корреспонденций, кандидат педагогических наук, доцент кафедры «Общая педагогика и психология» Южно-Казахстанского университета имени М. Ауэзова, г. Шымкент, Казахстан. E-mail: zhakena@yandex.ru